

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 190 (9252) | 1953 жылғы 20 сентябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің айбынды міндеттері

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бүкіл совет халқының алдына өнеркәсіптің, оның ішінде жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің барлық салаларын бұдан былай да мықтап өркендету беру міндетін қалай қойып отырса, ауыл шаруашылығы да сондай қызу қарқынмен өркендету міндетін қойып отыр. Халық шаруашылығының бұл екі саласын жаңа талапқа сай өркендету, демек, партия мен үкметіміздің бұл жөнінде алға қойып отырған міндеттерін мінсіз жүзеге асыру — елімізде халық тұтынатын өнеркәсіп товарлары мен азық-түлік молшылығын жасау міндетін қамтамасыз етеді. Сөйтіп, халқымыздың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің көзіргіден анағұрлым жоғары болуына және оның үздіксіз өсіп, гүлденіп, көркейе беруіне мүмкіншілік тугызады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің қазіргі өскелең талапқа сай болуы, халықтың материалдық және мәдени тілектерін барынша толық қанағаттандырады дегенде жұмыс істеуі — көп жағдайларда ауыл шаруашылығы өнімдерінің дәрежесіне тікелей байланысты. Өйткені, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері шикізатты ауыл шаруашылығынан алады. Олай болса, ауыл шаруашылығының өнімі неғұрлым көп болса, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің де жұмысы солғұрлым жемісті болады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы, ауыл шаруашылығының барлық салаларын жан-жақты және қызу қарқынмен өркендетудің нақтылы программасы болып табылады. Бұл қаулыда ауыл шаруашылығының кейбір маңызды салаларының артта қалып келе жатқаны атап көрсетілді. Сонымен бірге артта қалып отырған колхоздарды, совхоздарды және аудандарды алдыңғы қатарлы дәрежесіне жеткізу сөйтіп, бүкіл социалистік ауыл шаруашылығының мықтап өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ірі-ірі шараларды белгіледі.

Пленумының қаулысында көрсетілгеніндей, біздің облысымыздың да бірсыпыра колхоздары мен совхоздары жаңа, қуатты техникалармен жабдықталып келе жатқанына қарамастан егін және мал шар-

колхоздар мен совхоздардың бірқатарында пар және зяб жырту жоспары жыл сайын орындалмай келеді. Сөйтіп, олар көктемде дайын жер болмағандықтан тұқымды жаңадан жартылған жерге себуге мәжбүр болады. Оның ақыры егіс жұмыстарының ұзаққа созылуына, агротехниканың өрескел бұрмалануына, егін өнімнің төмен болуына әкеліп соғады. Осындай жағдай өткен жылы Октябрь ауданының Жамбыл атындағы, Ленин ауданының «Бірлік» колхоздарында болды. Бұл колхоздарды қамтығаны МТС-тер пар және зяб жырту жөнінде колхоздарға тиісті көмек көрсете алмады. Сонымен екі колхозда да егіннің өнімі айтарлықтай болмады. Бірақ, аталған колхоздардың басшылары бұдан өздеріне әлі тиісті қорытынды жасаған жоқ. Соның салдарынан үстіміздегі жылы да пар және зяб жырту жоспарын орындай алмай келеді.

Октябрь, Преснов, Ленин, Прирешім аудандарының көптеген колхоздарында мал басын өсірудің және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың жылдық жоспары соңғы жылдары үнемі орындалмай жүр. Ал, бұл жағдай аталған аудандардың колхоздарында мал шаруашылығы өркендетуге керекті жағдайдың жеткіліксіздігіне емес, мал шаруашылығын өркендетуге барлық жағдай бар, істің тетігі сол — қолда бар мүмкіншілікті пайдалана білмеушілікте болып отыр. Мал шаруашылығын қызу қарқынмен өркендету үшін малды жаз және қыс күндері бағып, күту ісін тыңғылықты ұйымдастыру, қысқы маусымға жақсы әзірленіп, барлық түлік ті де құнарлы азықпен және жайлы қорамен қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар мал шаруашылығы науқанын ұйымдастырған түрде, дерезінде өткізіп, төл алуға жақсы әзірленуі қажет. Мал шаруашылығы өнімділігін арттыру үшін мал тұқымын асылдандырудың зор маңызы бар. Не пайда, мал шаруашылығын өркендетуге осы сыяқты қажетті шарттар аталған аудандарда орындалмай келеді. Мұның өзі шаруашылықтың бұл саласына едәуір нұқсан келтіруде.

Облыстық кейбір аудандарында техникалық егістерінің, картоп және овощ егістерінің өнімділігін арттыруға ештеңе назар аударылмай жүр. Октябрь, Преснов, Совет аудандарының колхоздары егістерін бұл

Облыс еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын жүзеге асыру үшін күресуде

Жігерлендіре түсті

БОГОЛЮБОВО. (Арнаулы тілшімізден). Ауданның қай колхозына барсаңда, жүректерін ерекше қуаныш белеген колхозшыларды көресің. Бұл қуаныш — СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысындағы совет халқына деген туысқандық қамқорлыққа сүйсіненшіліктің қуанышы.

Біз «Новая Жизнь» колхозында егін жыйнап жүрген Ленин атындағы МТС-тің комбайншысы В. Штирер жолдасын әңгімелестік. Ол бізге былай осы колхозда «Сталинец — 1» комбайнымен 940 гектар егін жыйнағанын, бұл табысқа жетуі дегі тәжірибелерін айта келіп былай деді:

— Пленум қаулысындағы әрбір сөз совет халқының бүгінгісінде жарқын болашағына апаратын жолды жарқыратып тұрғандай. Қаулыда белгіленген шаралар мүлтіксіз орындалады. Өйткені, онда бүкіл совет адамдарының мүддесі айтылған. Ал, халық өз мүддесін орындаудан айнабайды. Мен егін жыйнау басталғалы күн сайын 23—25 гектар жердің егінін жыйнап келдім. Пленум қаулысы менің еңбек мінділігін арттыра түсуіме жаңа жігер қосты. Қазір тәулігіне 28 — 30 гектар егін жыйнаудамын.

— Біздің колхоз, — дейді «Семеновод» колхозының председатели Оборовский жолдас. — Быйыл дәнді дақылдардан мол өнім алды. Қазір келесі жылдың егісіне керекті тұқымды жеткілікті мөлшерде құйып қойдық. Мемлекетке астық тапсыру жоспары орындалды. Бірақ, колхозымыз осы уақытқа дейін картоп пен овощ егу жұмыстарымен нашар шұғылданып келді.

Біз алдағы жылы картоп пен овощ егістерінің көлемін екі есе ұлғайтамыз. Олардан мол өнім алу үшін картоп, овощ егістерін күтіп, баптауды агро-техникалық ережелерге сай жүргіземіз.

«Образцовый», «Борьба» колхоздарының колхозшылары партияның жаңа қамқорлығымен жігерленіп, мал шаруашылығы өнімділігін молайтуда. Бұл колхоздар мемлекетке ет, сүт тапсыру жоспарын орындап, қазір келесі жылдың есебіне мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда.

Ауыл шаруашылығын өркендетудегі міндет мынада: таяудағы 2-3 жылдың ішінде еліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен молынан қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығы үшін өнімді көп береміз

Совет мемлекеті колхоздарды отандық тамақ техникамен мол жабдықтап, зор көмек көрсетіп келеді. СОКП Орталық Комитетінің «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы, ауыл шаруашылығын жаңа өрге көтеруге, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа, халықтың азық-түлік товарларына деген қажетін барынша толық қанағаттандыруға орасан зор мүмкіншіліктер тугызады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Коммунистік партияның басшылығымен жұмысын табы, колхозшы шаруалар, біздің интеллигенция, барлық совет адамдары ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттерді ең қысқа мерзімде орындайды деп сенім білдірді. Партияның бұл шақыруына біздің заводтың коллективі де қажырлы еңбек етіп, ауыл шаруашылығына қажетті өнімді көп өндірумен жауап береді.

Біздің завод өнімінің едәуірін ауыл шаруашылығы үшін шығарады. Өткен жылдары және үстіміздегі жылы да коллектив бричкалар үшін білік, оның күшпектерінің сақйына-түтіктерін, мал фермалары үшін сүзгіштер шығаруды меңгерді. Ал, бұрнағы жылдан бастап жанар, жағар майларын құятын цистерналар мен бөшекелер шығарып келеді. Завод ауыл шаруашылығына қажетті мұндай ұйымдарды өндірудің үстіміздегі жылғы жоспарын ойдағыдай орындауда.

Быйыл жоспар бойынша 30 цистерна қасалуда тиіс болса, қазірдің өзінде 77 цистерна өндірілді. Осы сыяқты, завод үстіміздегі жылы 5312 бричка біліктерін, 50 мың күшпектің сақйына-түтігін өндіруге тиісті еді. Осыдан өткен 8 ай ішінде 4 мың 939 бричка білігі, 40 мың

күшпектің сақйына-түтіктері қасалып шығарылды. Ал, бөшке жасаудың жылдық жоспары қазірдің өзінде артығымен орындалды. Завод коллективі СОКП Орталық Комитетінің Пленумының қаулысына нақтылы іспен жауап беруді көздеп, жыл аяғына дейін ауыл шаруашылығына қажетті жоғарыда аталған бұйымдарды өндірудің жоспарын толық және асыра орындауға ұйғарып отыр.

Бұл күндері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы завод коллективі арасында жаңа зор еңбек өрлеуін тугызуда. Жұмысшылар мен слесарьлар, электр балқытушылар өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, сменалық тапсырмаларын күннен-күнге асыра орындап жүр. Бұл жөнінде слесарь-құрастыру цехының цистерналар мен бөшекелер шығаратын участогінің коллективі игілі табыстарға жетісті. Август айында участок 100 бөшке орнына 200 бөшке жасап шығарды. Мұнда слесарь Хаджеев, электр балқытушы Одиноква жолдасар айтарлықтай табыстарға жетіп жүр. Бұлар сменалық тапсырмаларын үнемі 150 — 200 проценттен орындайды.

Сөз жоқ, завод коллективі еңбек ұйымдастыру ісін барынша жақсартып отырып ауыл шаруашылығы үшін шығарылатын өнім жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша толық орындап шығады. Сөйтіп СОКП Орталық Комитеті Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде алға қойған міндеттерін қысқа мерзімде орындау ісіне келелі үлес қосады.

В. СЕРГИЕВСКИЙ,

Шойын құю-таразы зауыдының бас инженері.

Партияның шақыруы бойынша

СОКОЛОВА. Колхоз даласының еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қанағаттандырып қарсы алды. Барлық жерлерде колхоздарда МТС-тер

қаулысын тапқылауға арналған өңгімелерде социалистік ауылшаруашылығын онан әрі өркендетудің мүмкіншіліктері әлшеусіз екенін атап көрсетуде.

— Біздің бригада, — деді «Путь Ленина» ауылшаруашылық әртелінің егін бригада-

КАУЛЫҒА ІСПЕН ЖАУАП БЕРМЕК

Чистян МТС-і директорының орынбасары Петричев жолдас осы МТС-тің қамтуындағы «Красная крепость», «Путь Ильича» колхоздарындағы механизаторлармен СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы жөнінде өңгіме өткізді. Қаулымен танысқан механизаторлар оны қызу қолдаумен бірге өзара пікір алысты.

— Быйыл «Красная крепость» колхозының колхозшылары бітім егін өсірді, — деді МТС-тің озат комбайншысы Киселев жолдас. — Бірақ, сол бітім егінді тез жыйнап алуы кешіктіріп келеміз. Колхоздың егін даласында 600 гектар дәнді дақыл әлі сабақта тұр. Мұның себебі Пленум қаулысы атап көрсеткеніндей, біздің МТС басшылары да тракторлар мен комбайндардың күшін толық пайдалануға қажетті жағдай тугызға алмай келеді. Машиналарға керекті қосалқы бөшекелер, аспаптар, бізде жеткіліксіз. Осының салдарынан сынған машиналар дереу жөнделмей, көп уақыт босқа тұрып қалады. Ал, мұндай кешіліктерді болдырмауға мүмкіншілік бар.

Трактор бригадасының бригадирі Веренкоз жолдас былай деді:

— Пленум қаулысы ауыл шаруашылығы механизаторларының тұрмысын жақсартуға беруді баса ескерген. Трактор бригадасының жұмысшыларына берілетін ақшалай ақы бұрынғыдан көп өсірілген. Оларды жақсы пәтер үймен қамтамасыз ету шаралары белгіленген. Партияның бұл қамқорлығы бізді еңбек өнімділігін арттыра беруге жігерлендіре түседі.

Механизаторлар машина күшін толық пайдалана отырып, егін жыйнауды тез аяқтауға, келесі жылдың егісі үшін зяб пен шарды әрі мол, әрі сапалы даярлауға, сөйтіп, Пленум қаулысына іспен жауап беруді ұйғарды.

ДАЛА ҚОСЫНДА

Амвекелді атындағы колхоздың (Совет ауданы) егіншілері жұмыс күні аяқталысымен дала қосына жыйналды. Оларды колхоз председатели В. Сәрсенбаев жолдас СОКП Орталық Комитеті Пленумының

уашылықтарының жоғары өркендеуіне әлі де болса ие бола алмай келеді. Көптеген колхоздар мен совхоздарда дәнді және техникалық дақылдардың өнімділігі төмен болып жүр. Сонымен бірге картоп және өмшө өндіру ісі де нашар болып келеді. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру тиісті дәрежеде емес.

Облыста егін және мал шаруашылығын өркендетуде, бұл шаруашылықтарға техника қуатын пайдалануда, еңбекті көп көрек ететін жұмыстарды механикаландыруда, осылардың негізінде егін және мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда жақсы жұмыс істеп келе жатқан колхоздар мен совхоздар бар. Мәселен, Соколов ауданындағы Буденный атындағы колхоздың егіншілері үстіміздегі жылы дәнді дақыл өгесінің әрбір гектарынан орта есеппен 13—14 центнерден өнім алды. Осы колхоздағы П. Яголин жолдас басқарған бригаданың мүшелері бидай өгесінің әрбір гектарынан 30 центнерге дейін өнім алуға жетісті. Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоздың қой өсірушілері қой өсірудің жылдық жоспарын 120 процент орындады, әрбір қойдан 3 килограмнан жүн алды, әрбір 100 саулықтан 105 қозы алып, оны аман өсіруде. Мұнда 1952 жылымен салыстырғанда қой саны 68,4 процент көбейтілді.

Әрине, мұның барлығы егін және мал шаруашылығына нақтылы басшылық етудің, оған ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен енгізе білудің, техниканы барынша толық пайдаланудың нәтижесі. Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей емес. Жоғарыдағыдай егін және мал шаруашылығын өнімді жақсы алып келе жатқан колхоздар мен совхоздар аудандардың қайсысында болса да өте аз. Мұның себебі неде?

Мұның басты себебі —егін және мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыруға басшылық ісінң әлтиісті дәрежеде болмай келе жатқандығында. Сонымен бірге шаруашылықтың бұл салаларына ғылымның жетістіктері мен озат тәжірибені және техниканы толық пайдалана алмай келе жатқандықта.

МЕТАЛДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН КЕМІТТІ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Лениногор қорғасын зауытының коллективі шығарылатын металдың өзіндік құнын кемітуде. Қазір бір тонна қорғасынның құны кәсіпорынға өткен жылғыдан едәуір арзанға түсіп отыр.

Өнімнің өзіндік құнын кемітудің маңызды қоры өнімнің сапасын арттыру болып табылады. Быйыл кәсіпорын жоғары маркалы қорғасынды өткен жылдың тиісті кезіндегінен 50 процент артық жөнелтті. Бұл агромератшылардың, металл қорытушылардың, рафинадшылар-

саласымен шұғылданбайды. Сөйтіп, қолхоздың бұл өгестерден түсетін табысының мейлінше аз болуына шол береді. Бұдан былайғы жерде бұл сыяқты кемшіліктерге түзуге болмайды. Аудан және колхоз басшылары шаруашылықтың басқа салаларымен бірге бұл өгестерді де өркендете беруге ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Социалистік ауыл шаруашылығында жоғарыда көрсетілгендей елеулі кемшіліктердің орын алуына МТС басшылары да кінәлі. Өйткені, МТС басшылары қолда бар техниканы егін және мал шаруашылығына тиімді пайдаланбай, колхоздарға тиісті көмек көрсете алмай жүр. Егін және мал шаруашылығында еңбекті көп көрек ететін жұмыстарды механикаландыру ісінң барысы өте нашар. Міне, осының барлығы ауыл шаруашылығын жедел өркендету міндетін жүзеге асыруға берісінше әсер етіп келеді.

Партияның Орталық Комитетінің Пленумы бұл кемшіліктерді шұғыл жоюдың және ауыл шаруашылығының барлық саласын бірдей қызу қарқынмен өркендетіп, жаңа табыстарға жете берудің шараларын белгілеп, шолын айқын көрсетіп берді. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары пленумының қаулысын еңбекшілер бұқарасына жете түсіндіре отырып, оны бұлжытпай жүзеге асыруға міндетті.

Социалистік ауыл шаруашылығын жан-жақты өркендетуде ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне орасан зор және жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Сондықтан ауыл шаруашылығының қызметкерлері егін және мал шаруашылығын алға қойылған міндеттер дәрежесіне сай өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру үшін күресе білулері керек. Бұл үшін егін және мал шаруашылығының барлық саласына ғылымның жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен енгізу, қолда бар мол және жаңа техниканы ойдағыдай пайдалана білу қажет. Сөйтіп, СОКП Орталық Комитеті Пленумының шақыруына іспен жауап беру керек. Міне, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған кәзіргі аса құрметті және өте жауапты міндет осы.

дың бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесі; олар өндірістің технологиялық тәртібін үздіксіз жақсартып келеді. Қорғасын қорыту цехында бригадир — коммунист Степанищев жолдас еденге шойыннал құйылған арнаулы плиткалар төсуді ұсынды. Осының нәтижесінде металдың ысырабы азайды. Кәсіпорын осының есебінен жылына мың сомнан аса қаржы үнемдейді. Қорғасын қорытушылар пештерге руданы тек технологиялық карта бойынша салып, жұмыс процесін жақсы жүргізуде.

ӨНІМНІҢ АССОРТИМЕНТІН ҰЛҒАЙТУДА

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семейдің Калинин атындағы ет консерві комбинатының коллективі шығарылатын тағамдардың сапасын жақсарту, өнімнің ассортиментін ұлғайту үшін жарысуда. Шұжықтың жаңадан екі сортын — моксиальдық қалың ысталған және қайнатылып пісірілген жоғары сортты шұжықтарды көп мөлшерде дайындау ісі игерілді. Шұ-

жық зауыды өнім шығарудың тапсырмасын күн сайын бір жарым есе асыра орындауда.

Күрші, тары, араластырылған ет-есімдік консервілері шығарыла бастады. Комбинаттың шұжық және консерв зауыттары тағамдардың 70-тен аса түрлерін шығаратын болады. Мұның өзі өткен жылғыдан едәуір көп.

САУЫНШЫЛАРДЫҢ СЕРТІ

Тоқшын совхозының коллективі СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алып, оны жүзеге асыру үшін күресуде. Қазір совхозда мал қыстатуға әзірлік қызу қарқынмен жүріп жатыр.

Совхозда малға берік жемшөп қоры жасалды. Базаларға шөп тасу жұмысы үздіксіз жүргізіліп келеді. Шөп тасуда үш трактор, бірнеше жүк тасыйтын автомашина, 35 көлік арбасы жұмыс істейді. Бұлармен күн сайын 600-650 центнерден шөп тасылады. 26 мал қорасынан 20 қора толық жөнделді. Сыйыр, шошқа, бұзау үшін жаңадан қора салынып жатыр. Бұл қоралардың құрылысы жақында аяқталады.

БАРЛЫҒЫ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН!

Тәтті тағамдар

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларымен жерленген қаладағы «Пищевик» артелінің коллективі облыс еңбекшілеріне пряник, конфет, вермишель және басқа да түрлі тәтті тағамдарды көптеп шығаруда. Артель коллективі өткен айда 636 сомның әртүрлі тәтті тағамдарын шығарды. Бұл белгіленген жоспардан әлде қайда артық.

Шығарылған тәтті тағамдарды халық арасына көптеп тарату мақсатымен «Пищевик» артелінің басшылары 4 сауда орынын ашқан болатын. Осы дүкендерде және артельдің қамтуындағы асханаларда он мыңдаған сомның тәтті тағамдары сатылуда.

Тәтті тағамдарды көптеп шығаруда қамыр йлеуші Исаева, Митяева және кондитер цехының мастери Дроздов жолдастар үздік еңбек үлгісін көрсетуде.

225 мың сомның тағары сатылды

Шаруашылық есебіндегі № 14 мебель сататын дүкен қала жұртшылығына арзан және сапалы жасалған мебельдерді көптеп сатуда.

Азғана мерзім ішінде бұл дүкенде 50-ге жуық шифаньер, 300 пружиналы кроваттар, 600 орындықтар, 220-дан астам екі жәшікті стол, сол сыяқты, басқа да көптеген товарлар сатылды. Ал, кейінгі уақыттарда жергілікті кәсіпорындар шығарған әдемі кроваттарды көптеп сатуда. 20 күн ішінде бұл дүкен 40 мың сомдық кроваттар сатты. Дүкен өткен айдың жоспарын 136 процент орындап, қала еңбекшілеріне 225 мыңнан астам сомның товарларын сатты.

Қала халқын киномен қамту

Облыстық кинопрокат бөлімшесі қала жұртшылығына жаңа көркем суретті фильмдерді көптеп көрсетуде.

Мәселен, «Ударник» кинотеатры (директоры Квартирка жолдас) өткен айдың өзінде ғана 37 мыңнан астам қала еңбекшілерін киномен қамтыды.

де, егес бригадалары мен мал фермаларында және басқа да жұмыс участоктерінде колхозшы шаруалар, ауылшаруашылығының барлық қызметкерлері Пленум қаулысын кеңінен талқылап, өздерінің табыстарының қорытындысын шығарумен бірге егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетудің жаңа резервтерін іздестіруде.

Ауданның көптеген колхоздары бітік егін өсірді. «Победа» және Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдері дәнді дақылдардан 100 пұттан өнім жыйнауда.

«Путь Ленина» колхозының егіншілері де жемісті еңбек етті. Совет мемлекетінің зор көмегіне сүйене отырып, колхоз быйыл егін шаруашылығының өнімін анағұрлым арттырды.

Бірақ, колхозшы шаруалар қол жеткен табыстарына тоқмейілімейді. Олар Пленум

сының бригадирі Глинский жолдас, — быйыл айтарлықтай табыстарға ие болды. Бригада дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 120 пұттан өнім жыйнап отыр. Бірақ бұл мол өнім жыйнаудың жоғары көрсеткіші бола алмайды. Біз тоғыспалы әдіспен себілген участоктің әрбір гектарынан 30 центнерден егін жыйнап жаттырмаз. Егер бүкіл егес көлемін тоғыспалы әдіспен өсіпек, онда өнімді анағұрлым мол жыйнайтынымызды осы фактінің өзі де айқын көрсетіп отыр. Біз егестің барлық көлемінен мол өнім жыйнай аламыз. Бұл жөнінде партия мен үкмет зор қамқорлық көрсетуде. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің программасы болып табылады. Біз партиямыздың шақыруына өзіміздің адал еңбегімізбен жауап береміз.

«ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен таныстырды.

— Мен быйыл «Сталинец—6» комбайнымен 26 жұмыс күні ішінде, — деді қаулыны тыңдағаннан кейін комбайншы Лисовик жолдас, — осы колхоздың 459 гектар егінін жыйнап, 5491 центнер астық бастырдым. Партиямыздың бізге деген жаңа қамқорлығы мені бұдан да зор табыстарға жетуге жігерлендіреді.

Мұнан кейін қырмаңда астық тазартушы Ш. Өмірбаева жолдас быйыл деді:

— Біз партиямыздың туысқандық қамқорлығына іс жүзінде жауап беру үшін күресеміз. Демек, партияның шақыруына колхоз шаруашылығының барлық саласын өркендетуде табыстан табысқа жете беруден жауап береміз.

12 мың сомның шелектері мен плицалары

Қаладағы «Молот» артелі үй шаруашылығына қажетті көпшілік тұтынатын бөшке, кір жуатын астау, пештің духовкасы, шелек, керосин сауыттары және құрылыс жұмыстарына аса қажетті черепицаны көптеп шығаруда.

Август айының өзінде ғана артель коллективі үш мың сомдық пештің духовкасымен 6600 сомдық черепицаны және басқа да көптеген товарларды жұртшылыққа таратты.

Қазір артель коллективі облысымыздың далаларындағы астық тасушыларға арнап, пұттық шелектер мен плицаларды көптеп жасауда. Олар қысқа мерзім ішінде 12 мың сомның пұттық шелектері мен плицаларын жасап, облыс колхоздарына жібереді.

Үй мүліктері

Көпшілік тұтынатын көптеген товарлардың бір түрі — мебель. Қала жұртшылығын мебельмен қамтамасыз ету мақсатымен қаладағы мебель және жегу әбзелдерін жасау комбинатының коллективі соңғы айларда мебельдерді көптеп шығара бастады. Олар өткен айда 71 мың сомның матрас, орындық, диван, гордероб, шкаф және тамақ ішетін столдар дайындап шығарды.


Сентябрь айының алғашқы он күндігінде комбинат коллективі 20 мың сомның дивандарын, шкафтарын және басқа да көпшілік тұтынатын арзан бағалы мебельдерді қаламын сауда орындарына өткізді.

Қала еңбекшілері комбинат жасап шығарған мебельдерді қызыға алууда.

Товар айналымы ұлғаюда

Қаладағы № 60 дүкенде тоқыма киімдердің, баскиімдерінің, мәдениет товарларының, иісті су мен сабындардың, айна, тарак, түймелердің әр түрлері түсті. Қазір еңбекшілер бұл товарларды көптеп алууда.

Бұл дүкенде товар сатудың алғашқы жарты жылдық жоспары 104 процент орындалды. Сатушылар товар алушыларшы мәдениетті қамтиды.



Преснов ауданының орталығындағы клубта көркемөнер үйрмелерінің жұмыс істеуіне толық жағдай жасалған. Олар село еңбекшілерін үнемі мәдениетті қамтып отырады.

СУРЕТТЕ: клуб үйінің сыртқы көрінісі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбекшілерге арналған киімдер

Қаладағы «9 май» көпшілік артелінің коллективі ай сайын мыңдаған сомның киімдерін жоспардан тыс тапсыруда.

Артель тгіншілері, сонымен бірге, денсаулық сақтау мекемелері мен ауруханаларда істейтін дәрігер мен сестраларға және онда емделетін адамдарға арнап халат, фартук, ішкі киімдер және жеңіл

әрі ықшам костюмдерді көптеп шығаруда.

Коллектив өткен айда 200 мың сомның киімдерін тігіп, жоспарды асыра орындаған еді, ал, осы айдың 15 күні ішінде олар 127 мың сомның өнімін мемлекетке тапсырды.

Жаңа тұрғын үйлер салу үшін

Қала құрылысшылары теміржолшыларға арнап жуырда 16 бөлмелі жаңа тұрғын үй салып берді. Мұнда — радио, телефон, канализация бар. Үй шар күшімен жылытылады.

Осы жылдың аяғына дейін тағы да екі үй қатарға қосылмақ. Қазір бұл үйлердің

сыртғы сылау және бояу жұмыстары жүргізілуде. Үкмет быйылғы жылы қаладағы құрылыс жұмыстарына арнап 12 миллионнан астам қаржы бөлген болатын. Қазіргі уақытта осы қаржының көпшілігі пайдаланылды.

Будапеште болған сессиясы мен бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қорытындылары туралы хабарланды.

Жыйналыста колхоз председатели Баукинов жолдас сөйлеп былай деді:

—Біздің «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері, — деді ол, — Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясы мен бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын қызу қолдайды. Озырлық пен күштің саясаты күйреді. Совет Үкметінің бейбітшілік сүйгіш саясаты дүние жүзіндегі адал ниетті, бостандық сүйгіш бүкіл адамзаттың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленіп, қолдау тапты.

Совет адамдары өзінің социалистік мемлекетін қауіпсіздікпен нығайта береді. Біздің ауылшаруашылық артелинің мүше-

ле жоқ. Бүгін Кореяда уақытына бітімге қол қойылуы толық дәлел бола алады.

— Біз колхозшылар — деді ол, — бірінші ноябрьге дейін қорамдық мал шаруашылығының жоспарын орындап, берік жемішпен қорын жасауға барлық күшімізді жұмсаймыз.

— Совет адамдары, — деді әйелдер Советінің председатели Ерусьюко жолдас, — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын бірауыздан мақұлдайды. Социалистік Отанымыз бізге және біздің балаларымызға күнбе-күн қамқорлық жасап отыр. Елімізде жаңадан мектептер, пионер үйлері және балалар алаңдары ашылууда. Біз, аналар, балаларымыздың жарқын болашағына шексіз сенеміз.

Жыйналыста бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы мен бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын бірауыздан мақұлдап, қаулы алды.

мыз. Мұны империалистік голпардың төбеттері біліп қойсын.

Трактор бригадасының бригадирі Левиненно жолдас бригада мүшелерінің бейбіт еңбекке қол жеткен табыстарын ортаға салды. Совет Одағы деді ол, бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшіліктің қамалы болып отыр. Коммунистік партия ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің тамаша шараларын белгіледі. Бұл шаралар совет адамларының әл-ауқат және мәдени тұрмысын арттыра беру жөніндегі зор қамқорлық болып табылады. Тракторшылар өздерінің мамандығын үнемі арттырып, техника күшін сарға пайдалану арқылы ауылшаруашылық дақылдарына мол өнім жыйнауды қамтамасыз етеді.

Жыйналыста қатысушылар Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясы мен бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын бір ауыздан мақұлдап, қаулы алды.

етуде біржақтылыққа салынып, мал қыстаруға әзірлік жұмысына басшылық жасамай, оны екінші кезекке қойып отыр. Бұл колхозда да жемішпен дайындау жоспары орындалған жоқ. Пішеншілер бригадасындағы адамдардың көбі егін жыйнауға жіберілген.

Сталин атындағы колхоздың председатели И. Шурин жолдас Ильинка селолық Совет атқаміншісі және Советтің сессиясында жемішпен дайындау жоспарын орындау жөнінде талай рет үнде берді. Алайда, ол селолық Совет атқаміншісі, оның председатели Ф. Кирпа жолдасстың қатаң талап қоймауын пайдаланып, үдемей орындамай жүр. Бүгін колхозда жоспар бойынша дайындалуға тиіс 7278 тонна жемішпен бүгінге дейін небары 3025 тонна ғана жемішпен дайындалғандығы, 600 тонна сүрленуге тиіс шөптен, тек 312 тонна ғана шөптің сүрленгені толық дәлел.

— Біздің ауылдық Совет, — дейді Бірлік ауылдық Советінің председатели К. Қымырнова жолдас, — Калинин атындағы «Еңбек», «Бірлік» колхоздарын қамтйыды. Соңғы кезде бұл колхоздардың қайсысында болса да мал қыстатуға әзірлік бөлектеп кетті. Совет көлемінде жемішпен дайындау жоспары 35 процент ғана орындалды. Мал қораларынан 15 қора жөндеуге тиіс еді, оның 7-уі жөндеді. Жаңадан салынатын 6 қорадан небары 3 қора салынды. Мұндай артта қалушылыққа ауылдық Совет сөз жоқ кінәлі. Дегенмен, біз осы кемшілігімізді жою алмай келеміз. Бүгін колхоз басшылары да кінәлі. Өйткені, олар бұл маңызды іске жете мән бермей жүр.

Ауылдық Советтің депутаты «Бірлік» колхозының председатели Аяғанов жолдас пішеншілер мен құрылысшылар бригадасын таратып жіберген. Сөйтіп, ол барлық пішеншілер мен құрылысшыларды егін жыйнау мен астық дайындауға жіберіп, шөп шабу, қора жөндеу жұмыстарын кейінге қалдырған. Міне, осының салдарынан колхозда дайындалуға тиіс 54 мың центнер жемішпен 19 мың центнер ғана жемішпен дайындалып отыр.

«Бірлік» колхозындағы қорамдық малдың бірқатары қыс күндері № 2 бригада-

шықты, сатуға өден болады.

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемның облигациялары халық арасына кеңінен таралуда, бұл заемның облигациясын сатып алушылар саны үздіксіз артып отыр. Бүгін дәлел ретінде тек біздің облысымыздағы жыйнақ кассаларының үстіміздегі жылдың 7 айы ішінде 882 мың сомның заем облигацияларын сұтандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Қала еңбекшілері бұл заемнің 505 мың сомдық облигациясын, Булаев ауданының еңбекшілері 72 мың сомның, Полулен ауданының еңбекшілері 52 мың сомның облигациясын сатып алды.

3 проценттік ішкі ұтыс заемның облигацияларын ірі-ірі сомаға сатып алушылармен қатар, кейбір азаматтар 100, 300, 500 сомның облигацияларын сатып алады. Бұл заем облигациясын сатып алушылар облысымызда үздіксіз көбеюде.

да болады. Бұл бригададағы мал қоралары осы уақытқа дейін ашық-тесік қалпында тұр. Базаға шөп тасу жұмысы мүлдем тоқтатылған. Жағдай осылай болса тұрса да, Аяғанов жолдас бригаданың жұмысын шексіз аймай, дәрменсіздікке салынып келеді. Ол тіпті бұл бригадала сирек барады. Мал өсірушілермен «сөті түскенде» ғана кездеседі. Олардың тұрмыстық қажетін өтеуге жете назар аудармайды. Осы себептен мал өсірушілер де өз міндеттеріне немісетті қарайтын көрінеді.

Бұл ауданда мал қыстатуға әзірлік осындай қанағаттанғысыз болса, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау, оны мемлекетке тапсыру жұмыстарының барлығы да сондай қанағаттанғысыз. Жеке шаруашылықтар бойынша ауданда мемлекетке ет тапсыру жоспары 36 процент, сүт тапсыру 68 процент, жұмыртқа тапсыру 77 процент ғана орындалды. Осы сыяқты жүн тапсыру жоспары да орындалған жоқ. Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау айтарлықтай жұмыс істей алмай келе жатқан Советтердің қатарына Покровка, Арал, Торангүл, Явленка және Бірлік ауыл-селолық Советтерін қосуға болады. Бірлік ауылдық Советінде жеке шаруашылықтан мемлекетке ет тапсыру жоспары 30 процент, сүт тапсыру 75 процент ғана орындалды. Петровка селолық Советінде жүн және жұмыртқа тапсыру жоспары 40—50 проценттей ғана орындалып отыр. Бұл Советте күзгі жүн қырку жұмысына әзірлік ете нашар жүргізді. Бүгін қарағанда Совет бойынша жүн дайындау жоспарының орындалмағаны хауіі бар.

Рас, мал шаруашылығына байланысты мәселелер ауыл-селолық Советтердің, сондай-ақ, аудандық Совет атқаміншісі мәжілістерінде, Советтердің сессияларында талқыланғыш тұрады. Мәжілістер мен сессияларда шаруашылықтың бұл саласындағы кемшіліктерді айтудан, оны жою жөнінде қаулы алудан аудан кенже емес. Бірақ, ауыл-селолық Советтер мен аудандық Совет атқаміншісі ол қаулылардың орындалуын ұйымдастырумен шұғылданбайды. Міне, бұл аудандағы Совет ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі осы. Осы себептен айтылған сөздердің де,

адам облигацияларына және оған шыққан ұтыстарға ешқандай әсергілікті салық және төлем салынбайды.

Әрбір азамат мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемның облигациясын сатып алу арқылы шаруашылық және мәдениет құрылысының ұлы жоспарларын жүзеге асыруға көмектеседі.

Еңбекшілеріміздің әл-ауқат дәрежесінің үздіксіз жақсаруы өркін сатылатын мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемның облигациясының халық арасында оған әрі көп сатылуын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай тұтылады. Жыйнақ кассалары қызметкерлерінің міндеті бұл заемның облигацияларын сатып алуға деген еңбекшілердің тілегін тыңғылықты өтеу болып саналы.

В. ДАМАСКИН,

Облыстық жыйнақ кассалары басқармасының оперативтік бөлімінің бастығы.

ТЕГЕРАН, 18 сентябрь. (СОТА). 17 сентябрь күні Иранның Ұлттық қорғаныс министрінің бұрынғы орынбасары генерал Моханна және полицияның бұрынғы бастығы генерал Модабер тұтқынға алынған.

ТЕГЕРАН, 18 сентябрь. (СОТА). Кеше Тегеранның темекі фабрикасында 12 жұмысшы тұтқынға алынған.

ГЕНЕРАЛ ДЖОН ХЭЛЛДЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

НЬЮ-ЙОРК. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі Денвердің берген хабарына қарағанда, президент Эйзенхауэр генерал Джон Хэллді генерал Марк Кларктың орнына АҚШ пен «Біріккен Ұлттардың» Қыйыр-Шығыстағы қарулы күштерінің жоғарғы бас қолмандашысы етіп тағайындаған.

Редактордың орынбасары **Г. НҰРМОЛДИН.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЛЕВ ТОЛСТОЙ»

Сеанстар сағат 12-2-4-те басталады.

Петропавл аудандық «Заготскот» мекемесіне ағаш шебері КЕРЕК.

Еңбекақы келісім бойынша төленеді.

Адрес: аудандық «Заготскот» мекемесі (Шағын двигательдер зауыды жанында).

«Молот» артелине тұрақты жұмысқа аға механик, ұсталар, үй төбесін жабушылар және түрлі жұмысшылар КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 33-үй.

Оқу комбинатына етік және тігін істерінің нұсқаушысы, ас пісіруші, үй күтуші КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Креспосная көшесі, № 5-үй.

Петропавл станциясы Жол қатынас министрлігінің № 128 үйі, 19 пәтерде тұрушы Василий Николаевич Георгиев осы үйде тұрушы Любовь Михайловна Георгиевадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Ауыл-селолық Советтер және мал қыстатуға әзірлік

ССР Одағының Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары мен СОБП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында социалистік ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын мықтап өркендету міндеттері қойылды. Демек, колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығын жоғары товарлы, табысты мол беретін салаға айналдырудың, әр түліктің санын көбейтіп, оның тұқымын асылдандырудың, мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындаудың, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың шаралары белгіленді. Бұл міндеттерді орындау үшін колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуға әзірлікті әрі тез, әрі толық аяқтап, қысқы маусымға барлық жағынан дайын болудың зор маңызы бар.

Бірақ, Ленин ауданының ауыл-селолық Советтері мен аудандық Совет атқаміншісі басшылары мал қыстатуға әзірлік жұмыстарына өздерінің басшылығын жақсартып алмай келеді. Соның салдарынан ауданның көп колхоздары мал қыстатуға күні бүгінге дейін әзір емес. Мұны мына фактілер толық дәлелдейді.

— Біздің колхоздың малы көп, — дейді осы аудандағы Молотов атындағы колхоздың аға шопаны Ф. Нерепадін жолдас, — деген, бізде 2216 қой-ешкі, 980 есібір, 246 жылқы бар. Бүгін керекті 62 мың центнер жемішпен табылғаны 29 мың, базаларға тасылғаны 6 мың 163 центнер ғана. 500 тонна шөп сүрленуге тиіс еді, одан бәр болғаны 200 тонна сүрленді. Мені қынжылтатын сол — осы жемішпен тің барлығы тек қыстың алғашқы жартысына ғана жетеді.

Колхозда 200 шошқа, 2800 қус, 62 ұя бал арасы бар, — деді тағы да ол, — бұларға дайындалып жатқан жемді де көргенім жоқ. Ал, жағдай осылай болған соң колхоз мен селолық Советтің басшылары қыс қамын ерте ойлаулары керек еді,